

Бекітемін

15.12.2025

Мектеп директоры  Д.Жунусова




Жаңатұрмыс ауылының жалпы орта білім
беретін мектебі бойынша

«Сынып жетекшілер» апталығының өткізілу кестесі

2025- 2026 оқу жылы

<i>Іс- шара</i>	<i>Сыныптар</i>	<i>Мерзімі</i>	<i>Жауаптылар</i>
«Сынып жетекшілер» апталығының ашылу салтанаты	Сынып жетекшілер	15.12	ТІ меңгерушілері
«Тәуелсіздік күні» ашық сынып сағаты	4 «А»	15.12	Абулгазинова М.А.
«Моя Родина Казахстан» ашық сынып сағатты	6-7 «Б»	18.12	Блялова О.А.
«Таза әлем-өз қолымызда» ашық сынып сағаты	5-6 «А»	19.12	Сақария Г
«Туған жерім мақтанышым» ашық сынып сағаты	1 «А»	23.12	Мустафина С.М.
«Удивительное рядом» ашық сынып сағаты	1-4 «Б»	22.12	Кусаинова Г.Г.
«Салауатты өмір – жарқын болашақ» волейбол ойыны	7-8 «А»	22.12	Мұратхан Е
«Алфавит языка. Синтаксис» ашық сабақ	8-10 «Б»	22.12	Абулгазина А.Н.
Көңілді үзіліс	11 «А»	22.12	Өмірзақ Д
Көңілді үзіліс	3 «А»	23.12	Манекей Х
«Тәуелсіздік тұғырым»	2 «А»	23.12	Женис Ж

ӘБ жетекшілері:

 Шарифхаан Ж
 Мұратхан Елұзақ
 Кусаинова Г.Г.

**«Ақмола облысы білім басқармасының
Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Жаңатұрмыс ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
2025-2026 оқу жылына
«Сынып жетекшілері» апталығының
ТАЛДАУЫ**

2025 жылғы 15 желтоқсан күні «Жаңатұрмыс ауылының ЖОББМ» КММ-де сынып жетекшілері апталығының ашылу салтанаты өткізілді. Іс шара барысында сынып жетекшілерімен түрлі тапсырмалар орындалып, апталық жұмысына сәттілік тіленді. 15 декабря 2025 года в КГУ «ООШ села Жана - Турмыс» состоялось торжественное открытие недели классных руководителей. В ходе мероприятия для классных руководителей были организованы различные интересные задания, а также были высказаны пожелания успехов в работе в рамках недели.

https://www.instagram.com/zhanaturmys_mektep/reel/DSSKmLSiA5o/



2025 жылғы 15 желтоқсан күні «Жаңатұрмыс ауылының ЖОББМ» КММ-де сынып жетекшілері апталығының жұмыс жоспарына сай бастауыш сынып мұғалімі Абулгазинова М.А. «Менің Қазақстаным» атты 4 «А» сынып оқушыларымен викторина ойынын өткізді. Ойын алты кезеңнен тұрды, оқушылар «Ту» және «Елтаңба» болып екі топқа бөлінді. Ойын қорытындысы бойынша «Ту» тобы жеңіске жетіп екі топта мадақтамалармен, сәтті сыйлықтармен марапатталды.

15 декабря 2025 года в КГУ «ООШ села Жана-Турмыс» в соответствии с планом работы Недели классных руководителей учитель начальных классов Абулгазинова М.А. провела викторину «Мой Казахстан» с учащимися 4 «А» класса.

Игра состояла из шести этапов. Учащиеся были разделены на две команды — «Флаг» и «Герб».

По итогам игры команда «Флаг» одержала победу, обе команды были награждены грамотами и памятными призами.



«Сынып жетекшілер» апталығы аясында 6–7 «Б» сынып оқушыларымен сынып жетекшісі Блялова О.А. «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбында ашық сынып сағатын өткізді.

Іс-шараның мақсаты – оқушылардың Қазақстан Республикасы туралы білімдерін кеңейту, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық сезімін қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу.


Сынып сағаты барысында оқушылар Қазақстанның тарихы, тәуелсіздік жолындағы жетістіктері туралы мағлұматтар алды. Оқушылар тақырыпқа байланысты сұрақ-жауап, пікір алмасу жұмыстарын жүргізді.

В рамках недели «Классных руководителей» классный руководитель Блялова О.А. провела открытый классный час с учащимися 6–7 «Б» классов на тему «Моя Родина – Казахстан».

Цель мероприятия — расширение знаний учащихся о Республике Казахстан, воспитание любви к Родине, формирование патриотических чувств и уважительного отношения к государственным символам.

В ходе классного часа учащиеся получили сведения об истории Казахстана и достижениях на пути к независимости. Школьники приняли участие в вопросно-ответной работе и обмене мнениями по теме мероприятия.

https://www.instagram.com/zhanaturmys_mektep/p/DSaB-QhkSmW/



«Сынып жетекшілер» апталығы аясында 5–6 «А» сынып оқушыларымен сынып жетекшісі Сақария Гаукар «Таза әлем – өз қолымызда» тақырыбында ашық сынып сағатын өткізді. Іс-шара барысында оқушылар табиғатты қорғау, қоршаған ортаның

тазалығын сақтау, қоқысты дұрыс сұрыптау тақырыптарында өз ойларын ортаға салды. Сынып сағаты сұрақ-жауап, пікір алмасу, танымдық тапсырмалар мен көрнекі материалдар арқылы қызықты әрі мазмұнды өтті.

В рамках недели «Классных руководителей» классный руководитель Сақария Гаукар провела открытый классный час с учащимися 5–6 «А» классов на тему «Чистый мир — в наших руках».

В ходе мероприятия учащиеся делились своими мыслями о защите природы, сохранении чистоты окружающей среды и правильной сортировке отходов. Классный час прошёл интересно и содержательно в форме вопросов и ответов, обмена мнениями, познавательных заданий и с использованием наглядных материалов.

https://www.instagram.com/zhanaturmys_mektep/reel/DSjQN2miCb1/



«Жанатұрмыс ауылының ЖОББМ» КММ-де Абулгазина А.Н. 8–10 «Б» сынып оқушыларымен «Адам өміріндегі жауапкершілік» тақырыбында ашық сынып сағатын өткізді.

Іс-шараның мақсаты – оқушыларға жауапкершілік ұғымының мәнін түсіндіру, жеке тұлға ретінде қалыптасу жолында өз іс-әрекеттеріне жауап бере білуге тәрбиелеу, дұрыс шешім қабылдау дағдыларын дамыту.

Сынып сағаты барысында оқушылармен түрлі тәрбиелік әңгімелер жүргізіліп, өмірлік жағдаяттарға байланысты тапсырмалар, сұрақ-жауап жұмыстары ұйымдастырылды. Оқушылар өз ойларын еркін білдіріп, жауапкершіліктің отбасындағы, мектептегі және қоғамдағы рөлі туралы пікір алмасты.

В КГУ «ООШ села Жана-Турмыс» Абулгазина А.Н. провела открытый классный час с учащимися 8–10 «Б» классов на тему «Ответственность в жизни человека».

Цель мероприятия — разъяснить учащимся значение понятия ответственности, воспитать умение отвечать за свои поступки на пути становления личности, развить навыки принятия правильных решений.

В ходе классного часа с учащимися были проведены различные воспитательные беседы, организованы задания, основанные на жизненных ситуациях, а также работа в формате «вопрос–ответ». Учащиеся свободно выражали свои мысли и обменивались мнениями о роли ответственности в семье, школе и обществе.

https://www.instagram.com/zhanaturmys_mektep/p/DSjXPw_CEFK/



2025 жылғы 22 желтоқсан күні “Жаңатұрмыс ауылының ЖОББМ” КММ-де сынып жетекшілері апталығының жұмыс жоспарына сай бастауыш сынып мұғалімі Кусаинова Г.Г «Ғажайыптар жанымызда» атты 1- 4 “Б” сыныптарында оқушылармен ашық сынып сағатын өткізді. Сабақ барысында оқушыларға ауа райын бақылаудың әдіс тәсілдерімен ауа райындағы өзгерістердің жануарлар мен өсімдіктермен байланыстары түсіндірілді. Тақырыпқа байланысты бейнебаяндар көрсетіліп, викторина ойындары өткізілді. Жұмбақтар шешіп, жаттаған өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Сабақта оқушылар көптеген мағлұматтар алып, білім, білік дағдыларын молайтты.

22 декабря 2025 года в КГУ «ООШ села Жана-Турмыс» в соответствии с планом работы недели классных руководителей, учитель начальных классов Кусаинова Г.Г. провела открытый классный час на тему: «Удивительное рядом» с учащимися 1–4 «Б» классов. В ходе занятия учащимся были разъяснены методы наблюдения за погодой, а также связь изменений погоды с жизнью животных и растений. По теме были продемонстрированы видеоролики, проведены игры-викторины. Учащиеся разгадывали загадки и выразительно читали выученные стихотворения.

В результате занятия учащиеся получили много полезной информации, расширили свои знания, умения и навыки.



https://www.instagram.com/zhanaturmys_mektep/p/DSknaPUCD78/



2025 жылғы 22 желтоқсан күні «Жаңатұрмыс ауылының ЖОББМ» КММ-де сынып жетекшілері апталығының жұмыс жоспарына сай 9-10 “А” сыныптарының жетекшісі Мухатай Т. “Мамандық пен еңбек таңдауы - болашаққа бастар жол” тақырыбында ашық сынып сағатын өткізді. Сабақта оқушылар мамандықты дұрыс таңдай білудің маңыздылығын біліп, оған жауапкершілік жоғары екендігін түсінді.

22 декабря 2025 года в КГУ «ООШ села Жана-Турмыс» в соответствии с планом работы недели классных руководителей, классный руководитель 9–10 «А» классов Мухатай Т. провёл открытый классный час, на тему: «Выбор профессии и труда — путь в будущее». В ходе занятия учащиеся осознали важность правильного выбора профессии и поняли, что он требует высокой ответственности.

https://www.instagram.com/zhanaturmys_mektep/p/DS15JsTiE72/



«Сынып жетекшілер» апталығы аясында 7–8 «А» сынып оқушылары мен олардың ата-аналары арасында сынып жетекші Мұратхан Елұзактың ұйымдастыруымен достыққа негізделген волейбол жарысы өткізілді.

Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылар мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау, спортқа деген қызығушылықты арттыру және ұжымдық рухты қалыптастыру болды.

Тартысты әрі қызықты өткен волейбол сайысы қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлап, ата-аналар мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты одан әрі жақындата түсті. Іс-шара соңында барлық қатысушыларға алғыс білдіріліп, жеңіске жеткен команда марапатталды.

В рамках «Недели классных руководителей» среди учащихся 7–8 «А» классов и их родителей, классный руководитель, Мұратхан Елұзак, организовал дружеский турнир по волейболу.

Основной целью данного мероприятия стало укрепление сотрудничества между учащимися и родителями, пропаганда здорового образа жизни, повышение интереса к спорту и формирование командного духа.

Соревнование прошло в напряжённой и увлекательной атмосфере, подарив участникам положительные эмоции и способствував дальнейшему укреплению взаимоотношений между родителями и учащимися. В завершение мероприятия всем участникам была выражена благодарность, а команда-победитель была награждена.

https://www.instagram.com/zhanaturmys_mektep/p/DS17GFaiNsU/



25 жылғы 23 желтоқсан күні «Жаңатұрмыс ауылының ЖОББМ» КММ-де сынып жетекшілері апталығының жұмыс жоспарына сай бастауыш сынып мұғалімі Мустафина С.М. 1 «А» сыныбында «Қазақстан мақтанышым» тақырыбында ашық сынып сағатын өткізді. Сабақта оқушылар Отан туралы өлеңдерді мәнерлеп айтып, сұрақтарға жауап беріп, бейнебаян тамашалап, би биледі. Сондай ақ, «Менің шағын Отаным» тақырыбындағы өздері салған суреттерін қорғап, болашақ туралы өз қиялдарымен бөлісті.

2025 года 23 декабря в КГУ «ООШ села Жана- Турмыс» в соответствии с планом проведения недели классных руководителей, учитель начальных классов Мустафина С.М. провела в 1 «А» классе открытый классный час, на тему: «Казахстан — моя гордость».

В ходе занятия учащиеся выразительно читали стихи о Родине, отвечали на вопросы, смотрели видеоролик и исполняли танец. Также они защищали собственные рисунки, на тему: «Моя малая Родина» и делились своими мечтами и представлениями о будущем.



https://www.instagram.com/zhanaturmys_mektep/p/DSo8pv0iPNx/



Сынып жетекшілер онкүндігі аясында Манекей Хайнар оқушылармен бірге «Көңілді үзіліс» іс-шарасын ұйымдастырды.

В рамках декады классных руководителей Манекей Хайнар совместно с учащимися организовала мероприятие «Весёлая переменна».

https://www.instagram.com/zhanaturmys_mektep/reel/DSo-dj7CP_b/



ОІ орынбасарлары

И.Гоманюк

Г.Кусаинова